

Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібіндегі қаржы-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 шілдедегі N 697

Қазақстан Республикасының экономикасындағы қаржы-экономикалық жағдайды тұрақтандыру, кәсіпорындардың жаппай төлем қабілетсіздігіне жол бермеу, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерінің ішкі рыногын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы, "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы, мұнай өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар (келісім бойынша) өнімдердің, қайта өңдеуге арналған қызмет көрсетулердің өзіндік құнын, мұнайды тасымалдауға арналған тарифтерді төмендету жөнінде шаралар әзірлесін және оларды жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп, мұнай-газ кешені кәсіпорындарының қатысуымен бір айлық мерзім ішінде мұнай мен мұнай өнімдерінің ішкі рыногында бағаның қалыптастырылуына талдау жүргізісін, оларды өндіруге арналған шығыстарды төмендету және отандық мұнай өнімдерінің ішкі рыноктағы бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы (келісім бойынша) 1998 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде делдалдық құрылымдарды жою және кәсіпорындардың бөлінген қаражаттарын сөзсіз қайтару мақсатында еншілес және аффилирлендірілген кәсіпорындарды басқаруды оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1998 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде сала кәсіпорындарының мемлекеттің алдындағы директивалық берулердің салдарынан өткен жылдары пайда болған кредиторлық берешектеріне талдау жүргізісін, оларды қайта құрылымдау және есептен шығару жөнінде ұсыныс енгізісін:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі N 255-1 Заңында Z980255_ көзделген (70-бап, 5-тармақ) қосылған құнға салықты есептеудің тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеуді жеделдетсін;

сала кәсіпорындарының жалақы бойынша берешектерін жою мақсатында ақшаның 60 процентін жалақыға, ал қалған 40 процентін - міндетті төлемдерге бағыттауды көздейтін аталған кәсіпорындардың банктік шоттарына түсетін қаражатты пайдаланудың тәртібін белгілесін. Аталған тәртіп осы тармақтың бірінші азатжолында белгіленген шаралар іске асырылғанға дейін қолданылады деп белгіленсін;

ҚҚС "алатын елі" принципі бойынша алынатын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден тысқары жерлерге, сонымен қатар ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге экспортқа мұнай тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулер - халықаралық тасымалдауға байланысты 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынған және Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС-тан босатылған қызмет көрсетулер болып табылады деп белгіленсін, бұл ретте мыналардың болуы тиіс:

мұнай тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын ұйымдарда - мұнай тасымалдауға келісім шарт, мұнай тасымалдауға келісім шарттар бойынша есеп айырысулар жүргізілгенін растайтын есеп-фактуралар және/немесе төлем құжаттары;

мұнай экспорттайтын мұнай-газ өндіретін ұйымдарда:

труба құбырлары көлігімен қызмет көрсетілген сәттен бастап 30 күн мерзім ішінде - Қазақстан Республикасының толық кеден жүгі декларациясы және Қазақстан Республикасының шекарасындағы қабылдап алу-өткізу пунктінде мұнайды қабылдау-өткізу актісі;

Қазақстан Республикасының теңіз портында мұнайды танкерге құю жөніндегі қызмет көрсетілген сәттен бастап 60 күн мерзім ішінде - Қазақстан Республикасының толық кеден жүгі декларациясы мен коносаменті;

мұнайды темір жол цистерналарына құю жөнінде қызмет көрсетілген сәттен бастап 60 күн мерзім ішінде - Қазақстан Республикасының толық кеден жүгі декларациясы мен темір жол құжаттары. <*>

15 тамызға дейін мерзімде мұнай өнімдеріне акциздер есептеу кезінде мұнайға акцизді есепке алуды көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 5 абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.11.17.

N 1173 қаулысымен.

P981173_

5. Қаржы министрлігінің Кеден комитеті "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясының қатысуымен мұнай өнімдерінің импортына бақылау жасауды күшейту, оларды контрабандалық жолмен әкетуге жол бермеу жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын, он күн сайын Қазақстан

Республикасының Үкіметіне жағдайдың жай-күйі туралы баяндап отырсын.

6.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ күшін жойды - ҚРҮ-нің 1998.12.31. N 1381 қаулысымен.

P981381_

7.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.28. N 137 қаулысымен.

P000137_

8. Осы қаулының орындалуын үйлестіру және оған бақылау жасау
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары
О.Жандосовқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі